Түркістан облысы Шардара ауданы Сүткент ауылы

Бекітемін

«Бүлдіршін» бөбекжай бақша

Меңгеруші: Т.Беркулова

Перспективалық жоспар.

«Қарлығаш» МАД тобы

Тәрбиешілері: Қазбек Ә

Турсынбекова М.

2022-2023ж

Бекітемін
Меңгеруші:

№ «Бүлдіршін» бөбекжай
(МДҰатауы)
«Қарлығаш» мектепалды топтың

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТ КЕСТЕСІ

Ұйымдастырылған іс әрекеттер	жүктемесі
Дене шынықтыру	Дүйсенбі Сәрбенбі Жұма күн сайын
Сөйлеуді дамыту	күн сайын
Көркем әдебиет	күн сайын
Сауат ашу негіздері	Сәрсенбі, бейсенбі
Математика негіздері	күн сайын
Құрастыру	күн сайын
Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
Сурет салу	күн сайын
Мүсіндеу	күн сайын
Жапсыру	күн сайын
Музыка	Сейсенбі, бейсенбі күн сайын

Бекітеміз
Меңгеруші:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022 – 2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

мектепалды топ
Қыркүйек айы 2022жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	**Дене шынықтыру**	**Жалпы дамытушы жаттығулар**. "Қол кеуденің алдында" қалпынан қолды жанына қарай созу, "қолды желкеге қою" қалпынан қолды жоғары көтеру және жанына қарай созу; қол саусақтарын айқастыру "құлып", алға-жоғары көтеру (алақанды сыртқа қарай айналдыру); қолды бір мезгілде жоғары-артқа және кезектесіп көтеру. **Негізгі қимылдар**: Сапта бір қатармен, аяқтың ұшымен, өкшемен жүру шашырап; жұптасып, бір қатармен, заттарды аттап жүгіру бір орында тұрып, алға қарай 3–4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіру қос қолмен допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру, допты еденнен ыршытып жоғары лақтырып Биіктігі 40 см жіптің астынан қолды еденге тигізбей, бүйірімен еңбектеу, гимнастикалық орындық үстінде ішпен еңбектеу Заттардан аттап жүру, шектелген беткей үстімен адымдап, аяқ ұшымен жүру арқылы тепе теңдік сақтау Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, сап түзеуден бір және екі, үш қатармен қайта тұру **Музыкалық-ырғақтық қимылдар**. Музыка ырғағына сәйкес түрлі қарқында қимылдар жасау. Өздеріне таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем де, ырғақты етіп орындау **Спорттық жаттығулар**: Шеңбер бойымен және тура жолмен екі доңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу; **Спорттық ойын элементтері:** баскетбол. Кеуде тұсынан қос қолмен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүру; **Дербес қимыл белсенділігі.** Ойындарды дамытуға ықпал ететін, спорттық жабдықтармен және түрлі құралдармен қамтылған қозғалыстық ортаны жасау **Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**Балалардың карапайым су шараларын жүргізудің дербес дағдыларын бекіту. Ертеңгілік гимнастиканы таза ауада (10-12 минут) орындауға қызығушылықтарын ояту адамның дене құрылысы, оның маңызды мүшелері туралы білімдерін, жұқпалы аурулар туралы, аурулардың алдын алудың негізгі шаралары туралы түсініктерін қалыптастыру;
	Жүзу	
	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**: дыбыстарды дұрыс, анық айтуды бекіту, айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз г – г, л – р, ж – з, с – з, ж – ш, н – ң, х – h дыбыстарын естуі бойынша ажыратуға және анық айтуға үйрету; **Тілдің грамматикалық құрылымы**: түбірлес сөздерді жасау және қолдану біліктерін, етістіктерді жалғаулармен қолдану, тілдік этикетті, жай және күрделі сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру; **Байланыстырып сөйлеу:** тыңдау және тілді түсіну дағдыларын қалыптастыру, диалог түрінде сөйлеуге үйрету. Негізгі ойды дұрыс жеткізуге, монологтық ойларын байланыстырып құра білуге, әңгімені бірізді және нақты айтуға, шағын сипаттау және хабарлау әңгімелерді құрастыруға үйрету; **Шығармашылықпен сөйлеу қызметі**. ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару

	Көркем әдебиет	**оқу, әңгімелеу**. Шығармалардың эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу. **мәнерлеп оқу**. Балаларды дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға, балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын беруге, тілдік бейнелілігін сезінуге баулу **мазмұндау.** Сюжеттік бірізділікті сақтай отырып, көңіл-күймен, қисынды мазмұндауға үйрету; **шығармашылық әңгімелеу**. Тәрбиешінің әңгімесінің жалғасы мен соңын ойлап таба білуге, бір-бірімен байланысқан сюжет бойынша құрастыруға, әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді, эпитеттерді, теңеулерді қолдануға үйрету; балаларды театр мәдениетіне баулу. **Адамгершілік нормалары туралы түсінік**. ересектермен және құрдастарымен өзара әрекетте мәдени мінез-құлық дағдыларын;
	Сауат ашу негіздері	Сөз" және "дыбыс" терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. қолды жазуға дайындау: жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру және қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. Сызбаларды (штрихтарды), жиектерді салуға үйрету.
	Математика негіздері	Жиын. Сандар түрлі жиындардың көрсеткіштері екендігі және жиын түрлі элементтерден құрылатындығы жайлы түсінігін дамыту. Сан, санау. Математикалық терминдерді қолдана білуді, 6 саны көлеміндегі сан мен цифр туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды тану және атай білуді үйрету. Шама. Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын белгілей білуге, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруға үйрету. Заттарды түрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету Сөйлеуде мына сөздерді қолдана білуді қалыптастыру: "үлкен – кіші", "үлкенірек – кішірек", Беттестіру және тұстастыру, жұппен салыстыру әдістерін қолдана отырып, заттарды салыстыруға үйрету Геометриялық пішіндер. Дөңгелек және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақшамен таныстыру Кеңістік ұғымдарын бекіту: заттың кеңістікте орналасуы (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); Уақыт ұғымдары туралы білімдерін бекіту. Таңертең, түс, кеш, түн мезгілдері тәулікті құрайтыны туралы ұғымдарын қалыптастыру. Апта күндерін, айларды, жыл мезгілдерін атау кезінде оларды ретімен дұрыс айта білуге, циферблат бойынша уақытты анықтауды үйрету. Салмақты өлшеу. Заттардың салмағын өлшеміне қарай алдымен қарама-қарсы көрсеткішпен тең және тең еместігін алақанына салып өлшеп анықтауға үйрету. Заттар тобынан 1-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін "артық" затты бөліп алу, пазлдарды жинау, логикалық ойын тапсырмаларын орындау және т. б.
	Құрастыру	болашақта жасалатын құрылысты талдай білу, оларды орындау реттілігін белгілеу және оның негізінде нысан жасау; Қағазды ортасынан, төртке бөліп бүктеуге, түрлі бағытта, тегістеп бүктей білуге үйрету. Табиғи және қалдық материалдардың түрлерімен таныстыру. Табиғи материалдардан ұсақ заттар дайындай білуге үйрету.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту, "өлі табиғат" ұғымы (тас, су, жел, күннің көзі, жанбыр). Күзде табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқауға, айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету. балаларды бөлме өсімдіктерінің жаңа түрлерімен таныстыру: атауы, сыртқы түрі, құрылысы, күтім жасау тәсілдері Қазақстан аумағында мекендейтін жануарлар мен олардың төлдеріне тән белгілерді атай алу және ажырату дағдыларын қалыптастыру; табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу

		Туғандар мен туыстар. Отбасылық мерекелер. Отбасының әлемі туыстық байланыс, өзінің жасын, толық аты-жөнін, тегін, ата- анасының, отбасы мүшелерінің аты-жөнін, балабақша, топ атауын, нөмірін айта білу, үйден балабақшаға дейінгі жолды анықтау туралы түсініктерін қалыптастыру; заттар, олардың белгілері мен ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру. көлік құралдарының көп түрлілігі, белгілі жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықтары жайлы түсінік беру; Отан туралы, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері туралы білімдерін кеңейту. Ел қорғаудың ардақты міндет екендігін түсіндіру арқылы Қазақстан Республикасы әскері туралы түсініктерін кеңейту.
	Сурет салу	Заттық сурет салу: балаларды елестету және заттарға қарап гүлдер, көкөністер, жемістер, ойыншықтар, күрделі емес сұлбаларды өздеріне тән ерекшеліктерін бере отырып салу дағдыларын қалыптастыру. Сәндік сурет салу: түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішіндерде өрнектерді құрастыра білу іскерліктерін бекіту. Сюжеттік сурет салу: бейнелерді бүкіл параққа, бір сызықтың бойына, жалпақ жолақшаға орналастыру біліктерін қалыптастыру.
	Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу. балаларды затқа қарап немесе көз алдарына елестету арқылы көлемі мен пішіні әртүрлі таныс заттарды, көкөністер мен жемістерге тән ерекше бөліктерді бейнелеуде барлық қол білектері мен саусақтарын дұрыс қозғалту техникасын сақтай отырып,мүсіндеу. Сәндік мүсіндеу. Балаларды халық ойыншықтарымен таныстыру, ойыншықтарды мүсіндеуге үйрету. Сюжеттік мүсіндеу. Балаларды мүсіндеудің таныс әдістерін қолдануды және заттардың өлшемдік қатынастарын бере білуге жаттықтыру.
	Жапсыру	Заттық жапсыру. екіге бүктелген қағаздан, түрлі қатпарлы бейнелерді киюды Сәндік жапсыру: түрлі пішіндегі қағазда таныс геометриялық элементтерден өрнек құрастыруды үйрету; Сюжеттік жапсыру Балаларға қағазға заттарды орналастыру дағдыларын үйрету
	Музыка	Музыка тыңдау. Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырату. Ән айту. Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыка сипатын анық ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру жаттығуларын орындау. Ойындар, хороводтар. қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру Билер. Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау Би шығармашылығы. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, ойдан би шығару іскерліктерін дамыту Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату

Бекітемін
«Бұлдіршін» бөбекжай балабақшасы
директоры _____ Г.З. Беркулова
«___» _____ 2022 жыл

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022 - 2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Бұлдіршін» бөбекжай балабақшасы
Тобы: «Қарлығаш» мектепалды даярлық тобы
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: қазан 2022 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Дене шынықтыру	**Негізгі қимылдар:** Тепе-теңдікті сақтау. Заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру. Скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру, әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру; гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналаскан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу. **Еңбектеу, өрмелеу.** Жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 м); гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу. Бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу.
	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**

		Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Дыбыстарды дұрыс, анық айтуды бекіту, айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз г – ғ, л – р, ж – з, с – з, ж – ш, н – ң, х – һ дыбыстарын естуі бойынша ажыратуға және анық айтуға үйрету; **Сөздік қор.** балалардың сөздік қорын зат есімдермен, етістіктермен, сын есімдермен,сан есімдермен, үстеулермен, жұрнақтар және жалғаулармен байыту; **Тілдің грамматикалық құрылымы:** 1) түбірлес сөздерді жасау және қолдану біліктерін, етістіктерді жалғаулармен қолдану, тілдік этикетті, жай және күрделі сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру;
	Көркем әдебиет	**Оқу, әңгімелеу.** Шығармалардың эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу. Балаларды шығарма кейіпкерлерімен таныстыру. **Мәнерлеп оқу.** Балаларды дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға, балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын беруге, тілдік бейнелілігін сезінуге баулу; **Мазмұндау.** Сюжеттік бірізділікті сақтай отырып, көңіл-күймен, қисынды мазмұндауға үйрету; **Шығармашылық әңгімелеу.** Тәрбиешінің әңгімесінің жалғасы мен соңын ойлап таба білуге, бір-бірімен байланысқан сюжет бойынша құрастыруға, әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді, эпитеттерді, теңеулерді қолдануға үйрету; **Адамгершілік нормалары туралы түсінік.** ересектермен және құрдастарымен өзара әрекетте мәдени мінез-құлық дағдыларын;
	Сауат ашу негіздері	1) "Сөз" және "дыбыс" терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. 2) балаларды сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету. Қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету; 3) дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға, дыбыстардың айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін талдауға үйрету; 4) қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру және қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. Сызбаларды (штрихтарды), жиектерді салуға үйрету.

	Қазақ тілі	Сөйлемдерді дауыс ырғағымен түрлендіріп айтуға жаттықтыру. Санамақтар жаттау, тура және кері санау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрауды дағдыландыру. қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Дикцияны, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту.
	Математика негіздері	**Сан және санау.** 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру. 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару. Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау. Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау** Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өзбетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау. Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу.
	Құрастыру	**Құрылыс материалдарынан құрастыру**. Құрастыру бөлшектерінің негізгі бөліктерін және оған тән бөлшектерін анықтай білуге үйрету. Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату.
	Сурет салу	**Заттардың, ертегі** кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың

		арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу.
	Мүсіндеу	Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу. Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көкөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу.
	Жапсыру	Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию.
	Музыка	Музыка жетекшісінің жоспары бойынша

Бекітемін
«Бүлдіршін» бөбекжай балабақшасы
меңгерушісі _____ Г. Т. Беркулова

Қараша айы 2022жыл
Мектепалды топ

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	**Жалпы дамытушы жаттығулар**. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу Кеудеге арналған жаттығулар: Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар: 3-5 метр қашықтықта екіқолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды). Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет) Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); **Негізгі қимылдар**: тізені жоғары көтеріп жүру; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен «жыланша» жүгіру; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр); кос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) секіру допты қабырғаға лақтыру жәнеекі қолымен қағып алу; скамейканың үстіне қойылғантекшелерден аттап тепе-теңдікті сақтап жүру; бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар**. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. **Спорттық жаттығулар**: Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу. **Спорттық ойын элементтері:** Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу. **Қимылды ойындар.** Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды

	ойындарды өзбетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. **Дербес қимыл белсенділігі.** Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимылдағдыларын жетілдіру үшін серуенде өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау. **Салауатты өмір салтын қалыптастыру.** Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. **Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.** Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларынжетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, кол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгіменсүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары** таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.
Қазақ тілі	**Тілдік дамытушы орта.** Қазақ халқыныңтұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтарымен жабдықталған орта құру. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). **Сөздік қор.** Азық-түлік атауларын(бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран), аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы), мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға), егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздермен толықтыру.

	Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. **Байланыстырып сөйлеу.** Тыңдалған көркемшығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге баулу
Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**: Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. **Сөздік қор.** Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдердіқолдануды, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білуді дамыту. **Тілдің грамматикалық құрылымы**: Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. **Байланыстырып сөйлеу:** Әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болуды үйрету. **Шығармашылықпен сөйлеу қызметі**. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығаруын басқару
Көркем әдебиет	Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беруді, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіруді, сахналық қойылымдарға қатысуға баулу.
Сауат ашу негіздері	Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды үйрету. Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояуды жетілдіру
Математика негіздері	**Жиын.** Бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату дағдысын дамыту **Сан, санау**. Көрнекілік негізінде 8 санының пайда болуымен таныстыру. 8 көлеміндегі санды тура және кері санауға үйрету. **Шама.** Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдануды дамыту. **Геометриялық фигуралар.** Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінментаныстыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен

	денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажыратабілуге жаттықтыру. **Кеңістікті бағдарлау.** Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (солжақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа,оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. **Уақытты бағдарлау.** Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу,шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу. Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.
Сурет салу	Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту . Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен) қолдануын дамыту.
Мүсіндеу	Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі танысзаттарды: ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру Бақылаған заттың бейнесін бере білуді, затты әртүрлі калыптарда мүсіндеуді,пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалануды үйрету.
Жапсыру	Шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарынқию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алуды меңгерту. Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық кию, ою, флористика элементтерін) қолдануды, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру дағдыларын жетілдіру. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану мен еңбек қауіпсіздігі және жеке гигиена ережелерін сақтауды дамыту.
Құрастыру	**Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру.** Ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға баулу **Қағаздан құрастыру.** Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау. **Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу.** Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша кию үшін қайшыны қолдану дағдысын дамыту. **Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.**

	Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуді ұйымдастыру.
Музыка	**Музыка тыңдау.** Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақмузыка өнерінің шығармаларымен таныстыру. **Ән айту.** Бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айтуды үйрету **Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білуді қалыптастыру. **Билер.** Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгертуді үйрету. **Би шығармашылығы.** Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.** Музыкалық дауылпаз және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.
Қоршаған ортамен таныстыру	**Бала, оның отбасы, үйі.** Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру. **Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау.** Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. **Көлік, байланыс құралдары.** Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну **Еңбекке баулу.** Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардыңеңбегін бағалау дағдысын дамыту. **Адамгершілік және патриоттық тәрбие.** сеніп тапсырғантапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге баулу. **Жол қозғалысы ережелері.** Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілері гироскутер, сигвейге арналған жолды білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту дағдысын пысықтау. **Табиғатпен таныстыру**

	Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсінуін жетілдіру. **Өсімдіктер әлемі.** Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру. **Жануарлар әлемі.** Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылауды және себеп-салдарлықбайланыстарды ажыратуды: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білу дағдыларын дамыту. **Қарапайым экологиялық ұғымдарды**, адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезінебілуіне ықпал жасау. **Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы**; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Нені «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету. **Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналытүрде орындауға** баулуды жалғастыру. Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын түсінуін дамыту. Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылау. **Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу**; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауды үйрету (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу).

Бекітемін
«Бүлдіршін» бөбекжай балабақшасы
директоры _____ А.Т. Беркулова
«____» _____ 2022 жыл

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022 - 2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Бүлдіршін» бөбекжай балабақшасы
Тобы: «Қарлығаш» мектепалды даярлық тобы
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан 2022 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Дене шынықтыру	**Жалпы дамытушы жаттығулар.** Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. **Кеудеге арналған жаттығулар.** Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею. Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүгу және тік көтеру. Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу. Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу; артқы жағынан қолды айқастырып көтеру; қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу. Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею. Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды). Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен

		тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет). Аркаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет),стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр), аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.
	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау. Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қаркынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу. **Сөздік қор** Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың карым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдану білуді дамыту. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.

	Көркем әдебиет	Балаларды кол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну. Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.
	Сауат ашу негіздері	Сөздегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, h дыбыстарын ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру. Заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру.
	Қазақ тілі	Сөйлемдерді дауыс ырғағымен түрлендіріп айтуға жаттықтыру. Санамақтар жаттау, тура және кері санау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрауды дағдыландыру. қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Дикцияны, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту
	Математика негіздері	**Геометриялық фигуралар** Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру. Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өзбетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.

		Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Еңбекке баулу.** Әртүрлі мамандықтар, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау. Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Енбек ардагерлерін, карттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сүртуге, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге жетуге, өзі мен құрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға баулу. Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарау.
	Құрастыру	**Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу.** Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту. Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану.
	Сурет салу	Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (боягышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау. Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен және т. б.) қолдану.
	Мүсіндеу	Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану. Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу.

Бекітемін
«Бұлдіршін» бөбекжай балабақшасы
директоры _____ Г.Т. Беркулова
«___» _____ 2023 жыл

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022 - 2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Бұлдіршін» бөбекжай балабақшасы
Тобы: «Қарлығаш» мектепалды даярлық тобы
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар 2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Дене шынықтыру	**Спорттық жаттығулар** Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу. **Шанамен сырғанау.** Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау; **Сырғанау.** Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанау; **Шаңғымен жүру.** Бірінің артынан бірі ауыспалы қадаммен алға жылжу, оң және сол аяқтарымен сырғанау. Бір орнында тұрып оңға, солға бұрылу, айналу; **Велосипед, самокат тебу.** Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу.
	Сөйлеуді дамыту	Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «асар», «сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу. **Тілдің грамматикалық құрылымы** Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат

	Жапсыру	Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сынарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру.
	Музыка	Музыка жетекшісінің жоспары бойынша

		есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру; Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту
	Көркем әдебиет	Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу.
	Сауат ашу негіздері	Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.
	Қазақ тілі	Тілдік және артикуляциялық аппараты, тыныс алуды және таза дикцияны дамытуды жалғастыру. Заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру.
	Математика негіздері	**Кеңістікті бағдарлау.** Кеністік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Адамгершілікке баулу** Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуді, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әдеп

		болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу.
	Құрастыру	**Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу.** Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту. Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану.
	Сурет салу	Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде). Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау.
	Мүсіндеу	Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану.
	Жапсыру	**Заттық жапсыру:** Балалардың қайшыны қолдану біліктерін бекіту: жолақшаларды тікбұрыштар етіп қию, шаршыларды үшбұрышты етіп қию, шаршы немесе тікбұрыштың шеттерін қиюды үйрету. **Сюжеттік жапсыру:** Балаларға қағазға заттарды орналастыру дағдыларын үйрету. Жапсыруларды құрастыру барысында объектілердің көлемі бойынша қатынасын, заттардың бөліктерінің пішінін, құрылымын, қатынастарын көре білу іскерліктерін мекгерту. **Сәндік жапсыру.** түрлі пішіндегі қағазда таныс геометриялық элементтерден өрнек құрастыруды үйрету
	Музыка	Музыка жетекшісінің жоспары бойынша

Бекітемін
«Бүлдіршін» бөбекжай балабақшасы
директоры _____ Ә. Беркулова
«____» _____ 2022 жыл

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022 - 2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Бүлдіршін» бөбекжай балабақшасы
Тобы: «Қарлығаш» мектепалды даярлық тобы
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан 2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Дене шынықтыру	**Спорттық ойындар** Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру. Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру. Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу. Хоккей элементтері. Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізу.
	Сөйлеуді дамыту	Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «асар», «сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын

		қалыптастыру; Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту.
	Көркем әдебиет	Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу.
	Сауат ашу негіздері	Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. Берілген сөзге сөйлем құрастыру.
	Қазақ тілі	Тілдік және артикуляциялық аппараты, тыныс алуды және таза дикцияны дамытуды жалғастыру. Заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру.
	Математика негіздері	**Уақытты бағдарлау.** Таңертең, түс, кеш, түн мезгілдері тәулікті құрайтыны туралы ұғымдарын қалыптастыру. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау. Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау.
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Табиғатпен таныстыру** Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу. Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату.

Бекітемін
«Бүлдіршін» бөбекжай-балабақшасы
директоры _____ Г. Беркулова
«___» _____ 2023 жыл

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022 - 2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Бүлдіршін» бөбекжай балабақшасы
Тобы: «Қарлығаш» мектепалды даярлық тобы
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: наурыз 2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Дене шынықтыру	**Қимылды ойындар.** Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. **Дербес қимыл белсенділігі** Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өзбетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау. Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шаңғымен жүруге, хоккей ойындарына, шанамен сырғанауға, ал көктем, жаз мезгілдерінде велосипед тебуге, футбол, бадминтон, баскетбол ойындарына жағдай жасау.
	Сөйлеуді дамыту	Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «асар», «сүйінші

		Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың және т.б. маңызын түсіну.
	Құрастыру	**Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.** Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері және т.б.) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.
	Сурет салу	Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл» және т.б.) туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу.
	Мүсіндеу	Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану. Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Заттарлың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу. Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану.
	сипатты белгілер бойынша ағаштың атауларын білу. Сигнал бойынша жұмыс істеп, аланда бір-біріне соқтықпай орын ауыстыруға үйрету. **Еңбек:** ағаштардың арасындағы құрап қалған бұтақтарын жинау. Ұжымдық тапсырмаларды орындап, бірлескен тапсырманы дер кезінде аяқтауды үйрету. Еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. **Өз бетімен ойындар: эткеншек тебу.** Ойын барысында достық карым-катынас бірлестігін жетілдіру.	орын ауыстыру, бір-бірін итермеу). Ойын ережесін сақтау. **Еңбек:** құрап қалған шөпті тырнауышпен жинау. **Тырнауыштармен жұмыс істеуді бекіту, нақтылы орынға шөпті жинау. Еңбексүйгіштікке баулу. Өз бетімен ойындар: «Ертегідегі үйшік» ойыны.** Балалардың қалауы бойынша (2-3 адам) үйшік ойнауларын кадағалау. Байсалды, қуанышты жағдай жасауына мүмкіндік туғызу.	ұстап алу мақсатында жоғары секіруге үйрену. Достарымен жақсы карым-катынаста болуға, тәрбиелеу. **Еңбек:** клумбаларды құрап қалған гүлдерден тазалау, өз міндеттерін үлкен жауапкершілікпен атқаруға тәрбиелеу, өсімдіктерге деген сүйіпеншіліктерін арттыру. **Өз бетімен ойындар:** жақсы көретін ойыншықтармен ойнау, ойынды жолдастарымен бірігіп ойнауға үйрету.	ережесін сақтауға үйрету. «Аюды» санамақ арқылы таңдауға үйрету. **Еңбек:** тотықұсқа тамақ. Ерікті күштерді қоса тіркелетін қызметтің мақсаттылығына тәрбиелеу. Өз еңбегінің маңыздылығын түсіндіру. **Өз бетімен ойындар: «Балық аулау» т. б. ойындар**.Ептілікті талап ететін дербес ойындарды мадақтау, жылдамдыққа үйрету.	**«Соқыр теке» ойыны (орыс халқының ұлттық ойыны).** Ойын ережесін сақтай отырып, балалардың ойынға қатысуын **қадағалау. Еңбек:** ауладағы жұмыс. Жапырақтарды тырнауышпен жинау. Өз бетімен ойындар: түскен жапырақтардан оюлар, заттар құрастыру, шығармашылықтарын, фантазияларын дамыту.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				

	көрсету. Артикуляциялық жаттығулар. [Ы], [І] дауысты дыбыстары. **Үстел-үсті ойындары. "Пазылдар".** Мақсаты: зейін, ойлау және визуалды есте сақтау қабілеттерін дамыту.	**«Ұшты-ұшты».** Мақсаты: шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушылар бастаушының сөзін қалт жібермей, тыңдап отыру шарт. Ұшатын құс не зат туралы айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы: Ойынды былай жүргізеді. Ұшты-ұшты сұңқар ұшты! (кол көтереді) Ұшты-ұшты қарға	**Дидактикалық ойын «Жануарлардың төлдерін тауып, оларды атап бер".** Мақсаты: үй жануарларын ажырата білуге, олардың төлдерін ажырата білуге, жануарларды күте білуге, қамқорлыққа алуға тәрбиелеу. Ойын ережесі: ойыншық үй жануарлары үстелдің үстінде тұру керек. Балалар ойыншықтарды мұқият қарап алады. Тәрбиешінің белгісі бойынша көздерін жұмады, сол кезде тәрбиеші үй жануарларының бір төлін тығып тастайды. Тәрбиеші ненің төлі жоқ деп	**Театрды сахналау.** "Арыстан мен тышқан" ертегі желісін маскамен сахналау.	ойнай білуге үйрету. Сатушы әртүрлі киімдер түрлері туралы әңгімелейді.

		ұшты! (қол көтереді)	сұрайды? Балалар жауап беру керек. Ойын бірнеше рет жалғастырылады.		
Балалармен жеке жұмыс	**«Сиқырлы қапшық»** Ойынның мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету. Ойынның құрал-жабдықтары: түсі, өлшемі, пішіні бойынша әртүрлі ойыншықтар. Ойынның мазмұны: Балалар «Сиқырлы қапшықтың» ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады.	**Дидактикалық ойын: «Не артық?»** Әр баланың алдына жемістер мен көкөністер араласқан суреттері беріледі. Артығын тауып, атауды ұсынады. Жемістер мен көкөністерді ажыратады, мысалы: алма, анар, лимон, орамжапырақ. Мұнда, орамжапырақ артық, өйткені ол көкөніске жатады, қалғаны жемістер.	**Артикуляциялық жаттығу** Аюдың тапсырмасы артикуляциялық жаттығу жасау. 1) Ян - ян - секендеген ақ қоян, Ю - ю - ю - қорбандаған аю. Кі - кі - кі – бұл айлакер түлкі, Қыр - қыр - қыр - бұл көкжал қасқыр. 2) Ыр-ыр-ыр- ырылдайды қасқыр, Ра-ра-ра- бал жинайды ара, Мір-мір-мір- қап-қара көмір.	**«Дәл осындай пішінді тап».** Мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: бала саны бойынша құлыптың суреттері, геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны: алдарындағы сиқырлы құлыпты ашуды ұсыну. Құлыптың кілттері де сиқырлы, геометриялық	**«Кел, жазайық.»** Мақсаты: тиянақтылыққа, көркем жазуға, қалам ұстауға үйрету. Үзік сызықтарды салу білігін бекіту. Балаларға үлгілер таратылады. Суреттер мен жазулар үзік сызықтар арқылы беріледі.

				пішіндерден құралған екенін айту. Әр бала құлыпқа сай келетін кілтті алып, құлыпты ашады.	
Серуенге дайындық	Алдымен топтағы аяқ киімдерін ауыстырып, аяқ киімді орнына қойып, киімдерді ретімен киюге үйрету. Ауыстырған киімдерін бүктеп орнына қойғандарын қадағалау, ойын арқылы жылдамдыққа үйрету.				
Серуен	Серуенге деген қызығушылықтарын ояту. "Менің Қазақстаным" тақырыбында жеке әңгімелесулер.				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Кешкі ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Музыкалық аспаптармен ойындар. Еркін ойындар. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. Кітаптарды санау, өлшеу, салыстыру. Театрлық қойылымдар.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата-аналармен кеңестер жүргізу.	Балалардың тәртібі жайлы әңгімелесу.	Кеңес: «Неліктен бала тындамайды?»	Отбасыдағы патриоттық сезімге баулу тәрбиесі жайлы ата-аналармен әңгімелесу.	Ата-аналар жиналысы «Отбасы және тәрбие бастауы».

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қарша айы 2022жыл 1 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 31.10.2022	Сейсенбі 01.11.2022	Сәрсенбі 02.11.2022	Бейсенбі 03.11.2022	Жұма 04.11.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күй, әсем әуенмен қарсы алу. Балалармен әңгімелесу, демалыс күндерін қалай және қайда өткізгендерін сұрау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйретуді жалғастыру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, демалыс күндері қалай өткені туралы жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Ауа райының өзгеруіне байланысты сыртта жылы киінуін, топта жеңіл киіммен жүруін қамтамасыз етуін талқылау, кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары, логикалық ойындар. Жануарлармен ойындар (пазлдар, роботехника құралдары, шашка, бестемше). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояуда түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту **(бейнелеу іс-әрекеті)** Құрастыру материалдарымен, табиғи заттармен құрастыру ойындарын ойнау. Кітаптарды қарау, балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. **(көркем әдебиет)** Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) **Балалармен жеке жұмыс.**				
Таңертенгі жаттығу	Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындау . Таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және жалпақ табанды алдын алу жаттығуларын нығайту. **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетілдіру. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын пысықтау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Асханада кезекшілердің міндеттерін орындау. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, т а				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері: күн сәулесінің белгісін беру арқылы жағымды сипаттау сөздерін бір біріне айту. Сипаттау сөзін айту кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болуды үйрету. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** Балалардан сезінген әсерлерімен бөлісуді ұйымдастырып, жаңалықтарды білуге ынталандыру. Жануарлар туралы не біледі? Не білгісі келеді сұрау және бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша ұйымдастырылған іс әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б.				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	**Сөйлеуді дамыту** «Күшік пен мысық» ертегісін айтып беру. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: тәрбиешінің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын басқаша етіп ойдан шығаруын басқару **Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша** **Математика негіздері** Көрнекіліпен 8 санының пайда болуымен таныстыру. 8 көлеміндегі санды тура және кері санауға үйрету. Дидактикалық ойын «Көршісін тап» әр түрлі санның қасындағы көршілерін табуды үйрету. Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және	**Көркем әдебиет** «Әділ шешім» ертегісін үстел үсті театры арқылы көрсету. Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беруді дамыту. **Музыка маманының жоспары бойынша** **Сауат ашу негіздері** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінікті қалыптастыру. Ойын «заттың атауын тап» Бір бала заттарды сипаттап айтады, екінші бала табады. Геометриялық фигуралардың,	**Сауат ашу негіздері** Сөздің мағынасына қызығушылығын дамыту. Дидактикалық ойын «Бұл не зат» балаларға суреттің төрттен бір бөлігін ашып не зат екенін тапқызу. Геометриялық фигуралардың, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояуды жетілдіру **Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша** **Қазақ тілі** Жануарлардың қыс мезгіліне дайындығы туралы және мал өсіру жайлы әңгімелесу.Оған	**Сөйлеуді дамыту** Ғажайып қоржыннан алынған жабай және үй жануарларын екі топқа бөлу. Олардың атауын атап, дауысын салып, қимыл әрекетін көрсету. Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Сергіту сәті «Ұзын құлақ сұр қоян» **Музыка маманының жоспары бойынша** **Сауат ашу негіздері** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына	**Көркем әдебиет** «Қоян зары» әңгімесін оқып беру. Қоянға және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіруді, сахналық қойылымдарға қатысуға баулу. **Математика негіздері** Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); Қоянды топтың әр бұрышына қойып қай бөлікте орналасқанын атату. Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға ынталандыру.

	қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. **Қоршаған ортамен таныстыру** Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылауды және себеп-салдарлықбайланыстарды ажыратуды: (жануарлар қозғалады, жүреді, жүгіреді, секіреді) Мысық пен күшік туралы білетіндерін айтқызу.	көгөністердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояуды жетілдіру **Сурет салу мүсіндеу жапсыру,құрастыру** Жануарлардың дене бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту . Шынайы бейнесіне қарап жануарларға тән ерекшеліктерді беру арқылы мүсіндеу. Табиғи материалдардан жануарлардың бейнесін жапсыру дағдыларын жетілдіру. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау арқылы әр түрлі заттардан жануарлар бейнесін құрастыруды үйрету	байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға) сөздермен сөз қорын кеңейту Арнайы жабдықталған ортада іс әрекеттер жасауға үйрету **Математика негіздері** Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдануды дамыту. Интелектум құралдарымен ойындар ойнату Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуын пысықтау.	қызығушылығын арттыру. Алдын ойнаған ойындарды қайталап, алған білімдерін бекіту. Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояуды жетілдіру **Қоршаған ортамен таныстыру** Адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы фильм көрсетіп түсіндіру. Жабайы жануарлардың қысқа дайындығы туралы суреттер көрсету. Дидкатикалық ойын «Дауысынан таны» әр түрлі жануарларды дыбысы арқылы табу. Балалар ойын тыңдау. Балалардың идеялары бойынша таза ауада	**Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша** **Қазақ тілі** Қазақ халқының тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде пайдаланған қажетті құрал жабдықтары жайлы фильм көрсету арқылы таныстыру, жаңа сөздерді есте сақтауын дамыту.

				зерттеу жүргізу.	
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ауладағы ойын құрылғыларын дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты) дұрыс киінуін бақылау **(Қарым-қатынас және еңбек әрекеті, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)**. Серуенге шықанда қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.				
Серуен	Ауа райын бақылау. Ата аналар алып келген мысық пен күшікті тамашалау. Ерекшеліктері туралы айтып, сипаттау. Екі жануарды салыстыру. **(танымдық іс-әрекет)** Балабақша ауласындағы өсімдіктер мен ағаштардағы өзгерістерді бақылау, жапырақтарды жинауға көмектесу. Аула сыпырушысының еңбегін бағалау дағдысын дамыту **(еңбек іс-әрекеті)** Еркін ойындар. Қимылды ойын «Мысық пен тышқан »	Аулада өсетін жидектерді бақылау. Жидек ағаштарын тану. Олар туралы не білетіндерін достарына айтып беру. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті және танымдық іс-әрекет)** Жидектерге қарап олардың бейнесін таякпен құмда сызып салу **(бейнелеу іс-әрекеті)** **«Қонжық»** тақпағын жаттату Қорбаң, қорбаң етеді, Тәттіні жақсы көреді. Қазір де ол бүлдірген Ізден жүр ме, кім білген? **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**	Үй жануарлары туралы ақпарат беру. Олардың қысқы азығы туралы әңгімелесу. Балабақша ауласында малдарға азық болатын қорек барма табу, жинау. **(зерттеу және танымдық іс-әрекет)** **Көңілді музыкамен сергіту жаттығуларын жасау.** **(Музыка)** Жұмбақтар жасыру. Мұртын сипап күн бойы,Бетін сусыз жуады, Тысырды аңдып түн бойы, Тышқанды кеп қуады. (Мысық) Адамға серік, Күзетке берік. (Ит) Еріксе,	Күзде табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқауға, қыспен айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету. Үй жануарларына жасалынатын күтімді жабайы жануарлармен салысытыру. **(зерттеу және танымдық іс-әрекет)** Қимылды ойын «Соқыр қойшы» **«Қонжық»** тақпағын айтқызу. Қорбаң, қорбаң етеді, Тәттіні жақсы көреді. Қазір де ол бүлдірген Ізден жүр ме, кім білген? **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**	Мұражайға бару, (өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауды үйрету (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу). Қазақ халқының тұрмыста, ақ аулауда, мал өсіруде пайдаланған қажетті құрал жабдықтарымен танысу. **(зерттеу іс-әрекеті)** Еркін ойындар Қимылды ойын «Аюлар мен аралар»

		Қимылды ойын «Аюлар мен аралар» Еркін ойындар	Құйрығымен ойнайды, Зеріксе, Ұйқыға бір тоймайды. (Мысық)		
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау айтуын ұйымдастыру **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу,дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , тамақтану кезінде сөйлеспеу, алғыс айту) **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. **(сөйлеуді дамыту)**				
Күндізгі ұйқы	Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану дағдыларын жетілдіру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. «Жануарлар» туралы әр түрлі ертегілер оқып беру **(көркем әдебиет)**				
Біртіндеп ұйқыдануояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенді қимылдар) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға, өруге үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Гигиеналық шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Қ				

Бесін ас	Кезекшілердің жұмысын (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын орындауды жетілдіру. Таза және ұқыпты тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларынжетілдіру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп, мысық пен күшіктің мүсінін жасау, суретін салу, қағаздан қиып алып жапсыру немесе өз бетінше әр түрлі заттарды пайдаланып ойдан құрастыруға баулу **(Шығармашылық іс-әрекет), (бейнелеу іс-әрекеті)** Кітаптарды қарау, мысық пен күшік туралы әңгімелесу. Ертегіні сахналауға мүмкіндік беру. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**	Жидектердің айырмашылығы. Дәмі, көлемі түсі туралы өздігінен зерттеу жұмыстарын жүргізуін ұйымдастыру. **(зерттеу іс-әрекеті)** Балалардың қалауы бойынша ермексазбен, түрлі түсті қағазбен шығармашылық ұжымдық жұмыстар жүргізуге баулу. **(Шығармашылық іс-әрекет),**	Кітапқа қарап сурет мазмуны бойынша жаттау. **Төрт-түлік** Түйе – малдың үлкені, Жылқы – малдың үркегі. Сиыр – малдың сүттісі, Қой – түліктің құттысы. *С.Қасиманов* **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** Төрт түлік малдың қалауы бойынша суретін салу, мүсінін жасау немесе қағаздан қиып жапсыру. **(Шығармашылық, бейнелеу іс-әрекеті)** Өз өзіңе көмектес бастамасымен топтағы тазалық жұмыстарын орындату. **(еңбек іс-әрекеті)**	Балаларға қалауы бойынша орталықтарға бөлініп жұмыс жасауын ұйымдастыру. Серуен кезіндегі бақылаудан кейін - алған әсерлерін суретте бейнелеу; қылқаламмен қағазға басып салу тәсілдерін қолдануға; қағаздың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратуға үйрету. **(бейнелеу іс-әрекеті)** Ертегілерді үтел үсті театры арқылы бір біріне айтып беруін ұйымдастыру. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**	Мұражайға барғанда алған әсерлері бойынша, көрген немесе ұнатқан бейнесін салуына жағдай жасау. **(Бейнелеу іс-әрекеті)** Мұражай атты компазиция жасауды басқару. **(Шығармашылық, танымдық іс-әрекет)**

Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотриканы дамыту).**				
Серуен	Мысық пен күшік неден қорқады? Олар нені жақсы көреді? Балалардың жауабын талқылау. Топтан алып шыққан қоректерді мысық пен күшікке беру. **(зерттеу іс-әрекеті)** Мысық пен күшік туралы білетін көңілді әндерді тыңдап, еркін би қимылдарын жасату. **(Музыка)** Қимылды ойын «Аюлар мен аралар» Еркін ойындар	Балабақша аумағында шашылып жатқан ағаш бұталарын жинату. **(еңбек іс-әрекеті)** Қимылды ойын **Аксерек-көксерек.**	«Мен не білемін» ойыны. Бүгін не үйренгенін әр түрлі заттарды пайдаланып айтуды ұйымдастыру. Төрт түлікті лего құрастыру бөлшектері арқылы құрастыру, өз бетінше ойдан құрастыруға баулу **(танымдық іс-әрекеті)** Қимылды ойын **Қыз –куу**	Қимылды ойын «Ку түлкі» Дидактикалық ойын «Бүгін мен үйрендім» Бақша ауласында түскен бұталарды жинату. **(танымдық, еңбек іс-әрекет)** Қимылды ойын **Түйілген орамал.**	Қимылды ойын «Қармақ» Дидактикалық ойын «Бүгін мен үйрендім» Қимылды ойын **Сақина жасыру**
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен баланың балабақшада не үйренгенін күнделікті сұрап тұруын ескерту. Ата-аналарға баланың жануарлар туралы не білетінін сұрады. Ертегі ойындарды үйде қайталады ұсыну.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қараша айы 2022жыл 2 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 07.11.2022	Сейсенбі 08.11.2022	Сәрсенбі 09.11.2022	Бейсенбі 10.11.2022	Жұма 11.11.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді пысықтау. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары, логикалық ойындар. Жануарлармен ойындар (пазлдар, роботехника құралдары, шашка, бестемше). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояуда түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту **(бейнелеу іс-әрекеті)** Құрастыру материалдарымен, табиғи заттармен құрастыру ойындарын ойнату. Кітаптарды қарау, балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. **(көркем әдебиет)** Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасату) **Балалармен жеке жұмыс.**				
Таңертенгі жаттығу	Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындау (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Өз орнына отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, а с				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңберін өткізу Видео арқылы «Көңілді күн» әніне іс әрекеттер жасау. Орман деген не? Орманда болдың ба? Ол қандай? тақырыбында балалармен жеке әңгімелер жүргізу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)**				

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Сөйлеуді дамыту	Көркем әдебиет	Сауат ашу негіздері	Сөйлеуді дамыту	Көркем әдебиет
	«Бақша ағаштары» әңгімені оқып беру. Әңгіме не туралы екенін сұрау? Ағаштар тағы қайда өседі? Қандай ағаштарды таниды? Суреттерге қарап атауларын атату. Орман туралы не білетінін сұрау? Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. **Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша** **Математика негіздері** Ағаштар құстар және жануарлардан жиын жасау. Бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату дағдысын дамыту. Дәптермен жұмыс. **Қоршаған ортамен таныстыру** Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен	«Қайда өседі?» балалардан, қандай ағаштың өнімі екенін танып айтқызу, диалогтік сөйлеуді дамыту. Дидактикалық ойын «дәндерін тап» ағаштардың суреттеріне берілген дәндерді сәйкестендіру. **Музыка маманының жоспары бойынша** **Сауат ашу негіздері** Ағаш атауларына дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін анықтауды үйрету. Жазу дәптерлерімен жұмыс **Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру,құрастыру** Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп жұмыс жасату. Ағаштардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың	**Сауат ашу негіздері** Орманның суретін көрсету, мекен етушілерді атату, дыбыстық талдау жасап сөздегі дыбыстардың ретін анықтауды үйрету. Жазу дәптерлерімен жұмыс Дидакатикалық ойын «бірінші дыбысын ата» орман мекендеушілерінің суреттерін ғажайып қоржыннан алып, бірінші естіліп тұрған дыбысты табу. **Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша** **Қазақ тілі** Алтын сандықшадан әр түрлі заттарды алдыртып. Сол алған заттың атауындағы қ, ң,ғ дыбыстары сөздің қай бөлігінде орналасқанын табады үйрету. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың	Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Дидактикалық ойын «Кім жылдам?» суреттерге қарап (зат есімдерді сан есімдермен үйлестіру) қоян бесеу, ағаш екеу және т.б Ойын: сын есімдерді тәрбиеші айтады, балалар соған лайықты затты табады. Мысалы: қоңыр дегенде аюды тауып келу. **Музыка маманының жоспары бойынша** **Сауат ашу негіздері** Өз есімдеріне дыбыстық талдау жасауды үйрету: Сөздегі дыбыстардың ретін анықтауды үйрету.	«Түлкі мен тырна» ертегісі саусақ театры арқылы айтып беру. Балаларды сахналық қойылымдарға қатысуға баулу **Математика негіздері** Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. Карточкалармен және дәптермен жұмыс **Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша** **Қазақ тілі** Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Әр түрлі интонацияда сөйлемдерді айтып, балаларға қайталату.

	таныстыру. Олардың айырмашылығын суреттер арқылы атай білуін қалыптастыру.	орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру. Бақылаған ағаштың бейнесін бере білу арқылы мүсіндеу. Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) қолдануды жетілдіру арқылы ағаш бейнесін жапсыру. Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша құрастыру.	орнын анықтау дағдысын нақтылу (басы, ортасы, соңы). **Математика негіздері** 8 көлеміндегі сандық тура және кері санауды пысықтау. Дәптермен жұмыстар. «Артығын тап» дидактикалық ойын. Әр түрлі заттар топтамасынан артығын табу.	Жазу дәптерлерімен жұмыс **Қоршаған ортамен таныстыру** Қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білу дағдыларын дамыту.Сезім мүшелерінің қызметі туралы түсінік беру.	
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балалардың ретімен киінуін, ауа-райы жағдайына байланысты жылы киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту**).				
Серуен	Балабақша ауласындағы ағаштарды қарау, атын атап, тану, ағаштардан түскен жапырақтармен дәндерді бұталарды жинау. **(Зерттеу іс әрекеті)** Күзгі бақта еңбек етіп жатқан балалардың суретін бояу **(бейнелеу іс-әрекеті)** Еңбек құралдарын	Ағаштардан түскен бұталарды жинап, салыстыру. "үлкен – кіші", "үлкенірек – кішірек" «Енді, енсіз» деген сөздерді қолдануды үйрету. **(танымдық, зерттеу іс-әрекеті)** Бұталар қалай пайда болады тақырыбында әңгімелесу. **(Қарым-қатынас іс-**	Балабақша ауласын мекендейтін құстар мен жануарларды бақылау, оларға күтім жасау. Осы құстар мен жануарлар орманда мекендей ала ма? Неге? **(зерттеу, танымдық, еңбек іс-әрекеті)** Құстар, жануарлар туралы	Ағаштарды бақылау, бұтағы, діңі, жапырағы туралы ақпарат беру. Орманды қорғау туралы әңгімелесу. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** Ағаштың бұтақтарымен құмда сурет салу. **(Бейнелеу іс-**	Ормандағы қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Ормандағы ережелерді салу, жасау. Ағаштардын арасына орналастыру. Орманда рөлдік ойынын ойнату. Бауырсақ, қызыл телпек ертегілерін сахналату. **(Қарым-қатынас, зерттеу, танымдық іс-әрекеттері)**

	ермексаздан мүсіндеу **(Шығармашылық іс-әрекет)** Еркін ойындар Қимылды ойын «асық ойыны»	**әрекеті)** Құрылыс материалдарынан ғажайып қалалар құрастыру **(Зерттеу іс әрекеті)** Еркін ойындар Қимылды ойын «Ақсерек көксерек»	жұмбақтар шешу. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** Еркін ойындар Қимылды ойын «Сақина жасыру»	**әрекеті)** Ағаш бұтақтарымен табиғи қалдық материалдармен ұжымдық құрастыру. **(Шығармашылық іс-әрекеті)** Еркін ойындар Қимылды ойын «Хан талапай»	**Сергіту жаттығуы** Жапырақтар тербеледі, Желмен ұшып тенселеді, Дөңгеленіп,айналып, Жерге қонар кез келді. Еркін ойындар Қимылды ойын «Ақсерек көксерек»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** Тамақтан соң ас қайыру, бата беру.				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) коюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Электронды құрылғыдан ертегі тыңдату. **(көркем әдебиет)**				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға, өруге және жинауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қ				

Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітаптарды қарау, кітаптағы орман бақша шалғын суреттеріне қарап ойдан ертегі құрастыру. Бір біріне айтып беру. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** Табиғи құрастыру құралдарынан орман құрылымын құрастыру. Ұжымдық жұмыс. **(танымдық іс-әрекет)**	**«Қарағай»** Көкке бойын созады, Көпке қолын созады. Кең құшағын ашады, Көленкесін тосады. Көк қарағай,қарағай, Мейірбанды анадай. *М.Әлімбаев* Тақпақты жаттау. Бір біріне айтып беру. **(Қарым-қатынас және танымдық іс-әрекет)**	«Орманда» тақырыбында ұжымдық жұмыс **(Шығармашылық іс-әрекет)** Кітаптарды қарау. Тақпақ жаттау. Еркін сахналау әрекеті **(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**	Орман бейнесі бар пазлдарды жинату, логикалық ойын тапсырмаларын робототехника арқылы орындату **(Танымдық, зерттеу іс әрекет)**	Орман бейнесіне қарап суретін салу **(Бейнелеу іс-әрекеті)** Тұзды қамырдан ағаштардың бейнесін жасату **(Шығармашылық іс-әрекеті)**
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	Бақша ауласындағы жапырақтарды жинату. **(еңбек іс-әрекеті)**	Қимылды ойын «Жүгіріп өтуге үлгер»	Қимылды ойын «Кегли» Көңілді әуенге би	Орманнан шығар жол сызбасын таяқпен жерде сызу	Қимылды ойын «Соқыр қойшы»

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қараша айы 2022жыл 3 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 14.11.2022	Сейсенбі 15.11.2022	Сәрсенбі 16.11.2022	Бейсенбі 17.11.2022	Жұма 18.11.2022
Балаларды қабылдау	Көңілді музыка қойып, көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, ауа райы туралы баланың жеке пікірін білу. **(сөйлеуді дамыту).**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Ата аналарды толғандыратын сұрақтарға жауап беру. Кеңестер беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын «Айырмашылығын тап», «Қай ойыншық жоқ», «Ұқсайды-ұқсамайды» Менің ертегі кейіпкерім, әр түрлі заттардан құрастырып ойындар ойнату. Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Интелектум құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, ертегілер, әңгімелер айту. Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасату) **Балармен жеке жұмыс.**				
Таңертенгі жаттығу	Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындау (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Өз орнын тауып отыру. Бір біріне астың дәмді болуын тілеу. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұ				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері. Үлкенге де сіз, Кішіге де сіз. Құрметпенен сіздерге, Сәлем бердік біз. Әр түрлі жұмсақ ойыншықтарды беру арқылы бір біріне жақсы сөздер айту. Жаңалықтарымен бөлісу. «Қысқы дайындық» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)**				

	Қимылды ойын «Кегли» Балалардың еркін ойыны	Балалардың еркін ойыны	белеу, ән тыңдау. **(музыка)** Балалардың еркін ойыны	**(танымдық іс әрекет)** Қимылды ойын «Кегли» Балалардың еркін ойыны	Балалардың еркін ойыны
Балалардың үйге қайтуы	Үйде ертегі кітаптарының суретіне қарап, ертегі айтып беруін өтіну, ұсыну. . Апта бойы алған әсерлерімен бөлісу, жасалған жұмыстар жайлы балалармен әңгімелесуге кеңес беру				

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	**Сөйлеуді дамыту** Қысқа дайындық тақырыбында балаларға бірнеше суреттер көрсету. Сурет бойынша әңгіме жасату. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді қолдануын жетілдіру. **Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша** **Математика негіздері** Геометриялық фигура дөңгелек, сопақшаны дұрыс атап, оларды ажыратабілуге жаттықтыру. Фигураларға сәйкес заттарды топтан табу, салыстыру. Дидактикалық ойын «артығын тап» артық фигураны карточкадан табу. Қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. **Қоршаған ортамен таныстыру** Қысқа дайындықта ата-ана еңбегін түсіну,	**Көркем әдебиет** Балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру. Кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіруді жетілдіру. **Музыка маманының жоспары бойынша** **Сауат ашу негіздері** Дауысты дыбыстарды анықтауды үйрету. Жұмыс дәптерлеріне жазу. **Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру,құрастыру** Тыңдаған ертегі желісі бойынша бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып қолдануын дамыту. ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: ойыншықтарды,	**Сауат ашу негіздері** дауыссыз дыбыстарды анықтауды үйрету. Жұмыс дәптерлеріне жазу **Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша** **Қазақ тілі** Қысқа дайындықты талап ететін азық-түлік атауларын атату. Сөз қорын бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран сөздермен толықтыру. **Математика негіздері** Азық түліктердің пішіндерін анықтау, салыстыру. Геометриялық фигура үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрышты дұрыс атап, оларды	**Сөйлеуді дамыту** Үйқыға кететін жануарларды суреттен табу. Олар туралы әңгімелеу және синонимдер мен антонимдерді қолдануды пысықтау. Жұмыс дәптерлеріне жазу **Музыка маманының жоспары бойынша** **Сауат ашу негіздері** Жануарладың атауларындағы дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды үйрету. **Қоршаған ортамен таныстыру** Қысқа дайындықта баланың рөлі тақырыбында әңгімелесу. Сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әркашан әділ болуға, оларға қолдау	**Көркем әдебиет** Құстардың қысқа дайындығы туралы мульфильм көрсету. «Үсқынсыз үйрек» ертегіні сахналау, қойылымдарға қатысуға баулу. **Математика негіздері** Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) дұрыс атап, оларды ажыратабілуге жаттықтыру. Фигураларды құрастыру арқылы құстардың бейнесін шығару. Қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. **Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша** **Қазақ тілі** Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен

	адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардыңеңбегін бағалау дағдысын дамыту. Мен ата анамның көмекшісімін тақырыбында әңгімелесу.	ыдыстарды мүсіндеу оларға тән ерекшеліктерді беру. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану мен еңбек қауіпсіздігі және жеке гигиена ережелерін сақтауды дамыту. Табиғи материалдардан жасалған қазақ халқының бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуді ұйымдастыру.	ажыратабілуге жаттықтыру. Қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.	көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге баулу.	танысытыру. Құсбегі мамандығымен танысытыру. Құстарға қыска дайындықты қалай жасайтынын кітаптардан көрсету.
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимылдағдыларын жетілдіру үшін серуенде өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау. Балалардың ретімен киінуін (ауа-райы жағдайына байланысты) бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	Балбақша ауласын қыска дайындау. Құстармен аңдарға қамқорлық таныту жұмыстарын жүргізу. **(Танымдық, іс-әрекеті)** Кітаптар қарату, суреттер бойынша	Адамдар қыс мезгіліне қалай дайындалады? Көліктер ше? Жай және күрделі сөйлемдерді қолдану арқылы әңгімелеуді пысықтау **(қарым қатынас іс әрекеті)**	Ұлттық ойын «Ханталапай», «Орамал тастамақ» және т.б ойындармен танысытыру **(Танымдық іс-әрекет)** Балалардың қалауы	Балабақша ауласындағы жәндіктерді іздеу, олардың қайда және не үшін жоқ болып кеткенін түсіндіру. Құмырсқа илеулерін тапса, ол туралы не білетінін сұрау. **(Танымдық, зерттеу**	Балалардың бастамасымен еркін әрекеттер. Өзара қарым қатынас орнату. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** Құстарды бақылау. Олардың тіршілігіндегі өзгерістерді байқату.

	әңгімелеу. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Қимылды ойын** «тракторшылар» Балалардың еркін әрекеті.	Қағазды түрлі бағытта бүктеу арқылы ұшақ жасау. Ұшақты ұшырып ойнату. Ұшақтар қысқа қалай дайындалады әңгімелеп түсіндіру **(Танымдық, шығармашылық іс-әрекеті)** **Қимылды ойын** «Көлік жүргізушілері» Балалардың еркін әрекеті.	бойынша дәндерден ұжымдық композиция жасату. **(Шығармашылық іс-әрекеті)** **Спорттық ойын:** «Футбол»	**іс-әрекеті)** **Қимылды ойын** «сақина жасыру» Балалардың бастамасымен еркін әрекеттер.	**(Танымдық, зерттеу іс-әрекеті)** **Қимылды ойын** «ұшты ұшты»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Нені «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету. **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларынжетілдіру . (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Әлем халық ертегілерін оқып беру **(көркем**				

	әрекет)				
Біртіндеп ұйқыдануяту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қ о				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Балалардың қалауы бойынша ойша бейнелеу, мүсіндеу, қиып жапсыру **(Шығармашылық іс-әрекеті)** Еңбек құралдарын таныстыру. Оларды қалай қолдану керектігі туралы ойыншық құралдармен жасап көру. **(танымдық іс әрекет)** Заттарды түрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету **(зерттеу іс әрекеті)**	Ұшақтар мен көліктердің қыс мезгіліне дайындығы туралы фильм көрсету, пазлдарды жинау, логикалық ойын тапсырмалары бар ойындар ойнату. **(Танымдық, зерттеу іс-әрекет)**	Егіншілердің, фермерлердің еңбегімен таныстыру. Қысқа дайындықтағы рөлін түсіндіру. Кітаптардан суреттерін көріп, эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**	Табиғи және қалдық материалдардан, қағаздардан өзінің қысқа дайындығы жайында шығармашылық жұмыс жасау **(Танымдық, шығармашылық іс-әрекеттер)** Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыка әуенімен үйлестіру. **(музыка)**	«Құстар қайтып барады» ұжымдық шығармашылық жұмыс. (мольбертте) **(Шығармашылық іс-әрекеті)** Құрастыру материалдарынан әр түрлі заттар құрастыру. Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. **(Танымдық, іс-әрекеті)**

Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауды үйрету. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).				
Серуен	**Қимылды ойын** «Аюлар мен аралар» Балалардың еркін әрекеті.	**Қимылды ойын** «Үшақтар» Балалардың еркін әрекеті.	Балалардың шығармашылығыме н құрылыстар құрастыру **(Танымдық, іс-әрекеті)** Ұлттық ойын «Ханталапай» Балалардың еркін ойыны	**Қимылды ойын** «Орамал тастамақ» Балалардың еркін әрекеті.	Ұлттық ойын «Ханталапай» Балалардың еркін ойыны Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық әуенге үйлестіру. **(музыка)**
Балалардың үйге қайтуы	Апта бойы балалардың қандай іс әрекеттер жасағаны туралы айтып беру. Үйде қысқы дайындықты жасау бойынша балалармен әңгімелесу, еңбек әрекетін ұйымдастыруды ұсыну,				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қараша айы 2022жыл 4 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 21.11.2022	Сейсенбі 22.11.2022	Сәрсенбі 23.11.2022	Бейсенбі 24.11.2022	Жұма 25.11.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Стикерлер арқылы көңіл күйлерін көрсете білуін жетілдіру. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баладан өз отбасы жайлы айтып беруге тарту **(қарым қатынас мәдениеті).**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды қабылдау барысында ата-аналармен баланың қимыл белсенділігі жайында әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (пазлдар, интеллектум құралдары, шашка ойындары) Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексазбен жұмыстар жасау. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне және жануарларына күтім жасату) **Балармен жеке жұмыс.**				
Таңертенгі жаттығу	Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындау (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұ с				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Балаларға жаңалықтарымен бөлісуді, жақсы тілектер тілеуді жасату. «Денсаулық жайында біз не білеміз?» тақырыбында әңгімелесу. «Дені саудың, жаны сау» деген сөздің мағынасын түсіндіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)**				

